KASE

# АПТАЛЫҒЫ

14 – 18 қазан , 2024



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2024 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы биржалық нарық жұмысының қорытындысын шығарды.
- "BCC Invest" АҚ KASE мүшелігіне "валюталық" санаты бойынша қабылданды.
- "Халықаралық Титулдық Брокер Ltd. " жеке компаниясы KASE мүшелігіне "қор" және "деривативтер" санаттары бойынша қабылданды.
- KASE ресми тізіміне Түркістан облысы әкімдігінің KZMJ00002079 (TKK113_207) облигациялары, iShares 20 + Year Treasury Bond ETF ETF US4642874329 (TLT_KZ) бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің XS2914770545 (KZ_23_3504) халықаралық облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен: айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің XS1120709669 (KZ_05_2410), Италия Республикасының US465410BX58 (IT_02_2410) және "BASS Gold" ЖШС KZ2P00010135 (FPSTb2), өтелуіне байланысты АҚШ Қаржы министрлігінің US912797LT23 (US138_2410) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "Сейф-Ломбард" ЖШС KZ2P00012313 (MFSLb4), KZ2P00012339 (MFSLb5) және KZ2P00012362 (MFSLb6) облигацияларымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің XS2914770545 (KZ_23_3504) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS2472852610 (BRKZe13) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды
- "Ломбард" GoldFinMarket" ЖШС KZ2P00012206 (MFLGb2) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі KASE-де МЕОКАМ KZK200000679 (MOM060_0052), 49,0 млн МЕУКАМ KZKD00001251 (MUM072_0015), 33,2 млн МЕУКАМ KZKD00001160 (MUM096_0012), 8,4 млн МЕУКАМ KZKD00001111 (MUM168_0005) және 8,0 млн МЕУКАМ KZKD00001194 (MUM180_0016) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00012052 (KFUSb79) облигацияларын орналастырып, 7,0 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Самұрық-Энерго" АҚ Fitch Ratings агенттігінің қоғамның рейтингтік бағаларын "Тұрақты" болжамымен растағаны туралы хабарлады.
- "Bereke Bank" АҚ Fitch Ratings агенттігінің банктің ұзақ мерзімді рейтингтерін "Тұрақты" болжамымен "B+" деңгейіне дейін төмендеткенін хабарлады.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ XS2472852610, US48129VAA44 (BRKZe13) облигацияларын сатып алу ұсынысы туралы жариялайды.
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЖДҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "ҚазТрансОйл" АҚ мұнай тасымалдау көлемі 2024 жылдың тоғыз айында 4 %-ға ұлғайды.
- Kaspi.kz АҚ Hepsiburada түрік компаниясының бақылаушы акционері болады.
- Kaspi.kz АҚ 2024 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін ағылшын тілінде хабарлады.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ халықаралық мәмілелерді қаржыландыру мәселелері бойынша семинар өткізетіні туралы хабарлады.

| 18.10.2024 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 5 169,03 | 0,4 | -0,8 |
| Өтімділіктің бірінші сыныбы | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| Freedom Holding Corp. | 100,71 | 4,1 | 6,1 |
| Ford Motor Company | 11,14 | 4,1 | -0,1 |
| АО "НАК "Казатомпром" | 19 176,99 | 4,0 | 5,2 |
| NVIDIA Corp. | 137,87 | 3,1 | 17,8 |
| Apple Inc. | 234,31 | 2,7 | 7,2 |
| Tesla, Inc. | 233,00 | 2,6 | 2,6 |
| Starbucks Corporation | 95,80 | 1,4 | -0,2 |
| АО Kaspi.kz | 54 500,00 | 1,1 | -9,8 |
| Pfizer Inc. | 29,27 | 0,9 | -2,4 |
| Microsoft Corporation | 419,73 | 0,9 | -4,2 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 210,39 | 0,7 | 1,7 |
| АО "KEGOC" | 1 524,00 | 0,6 | 3,0 |
| АО "Казахтелеком" | 38 407,00 | 0,6 | 0,0 |
| PayPal Holdings Inc. | 80,20 | 0,3 | 11,3 |
| АО "ForteBank" | 5,10 | - | 0,8 |
| АО "КазТрансОйл" | 818,99 | -0,1 | 1,7 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 1 910,20 | -0,2 | -2,1 |
| АО "Кселл" | 3 250,00 | -0,4 | 0,8 |
| АО "Казахстанская фондовая биржа" | 54 701,00 | -0,5 | -1,3 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 13 681,00 | -1,6 | -2,3 |
| АО "Эйр Астана" | 780,40 | -2,3 | 1,0 |
| Intel Corporation | 22,74 | -4,2 | 3,4 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 156,55 | -5,9 | 2,3 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Ұзақ төмендеуден кейін KASE индексі өткен аптада оң динамиканы көрсетіп, 0,4 %-ға 5 169 тармаққа дейін көтерілді. Өкілетті тізім акцияларының басым бөлігі өрлеу трендінде болды.

Қазатомөнеркәсіптің акциялары 4 %-ға өсті. Олардың өсуі әлемдік уран саласындағы оң көңіл-күйді көрсетеді. KASE Global секторында уран бағасының өсуі мен уран өндіруші компаниялардың белсенділігінен кейін урандық The Global X Uranium ETF 9 %-ға көтерілді. Бұған қосымша, Қазатомөнеркәсіп Taiqonyr Qyshqyl Zauyty ЖШС-мен жыл сайын 800 мың тоннаға дейін күкірт қышқылын жеткізу үшін ірі келісімшарт жасасты. Бұл уран өндіру үшін маңызды химиялық реагентті үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етеді.

Халық Банкі ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасы аясында өз бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелер туралы хабарлады. 7- 11 қазан аралығында компания жалпы сомасы $1,6 млн. болатын 91 мың ЖДҚ кері сатып алды. ЖДҚ бағасы $16,9-дан $17,6-ға дейін өзгерді. Халық банкінің акциялары 0,4 % қымбаттады.

Басқа қаржы компанияларының акциялары KASE индексінде әртүрлі бағыттағы динамиканы көрсетті: Kaspi.kz акциялары 4,4 %-ға өсті, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 0,4 %-ға төмендеді.

KEGOC акционерлері 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы пайданы бөлу тәртібін бекітті. Дивидендтерге 22,7 млрд теңге бағытталды, бұл акцияға 82,4 теңгені құрайды. KEGOC акциялары бір аптада 1 %-ға өсіп, 1 524 теңгеге жетті.

Мұнай бағасының төмендеуі аясында ҚазМұнайГаздың акциялары 1,8 %-ға төмендеп, бір акция үшін 13 681 теңге деңгейінде жабылды. Сонымен қатар, ҚазТрансОйл акциялары 0,5 %-ға өсіп, 819 теңгеге жетті.

Телекоммуникациялық секторда оң динамика байқалды: Kcell акциялары 0,3 %-ға, 3 250 теңгеге дейін өсті, ал Қазақтелеком акциялары 1,1 %-ға, 38 407 теңгеге дейін өсті.

Өткен аптада KASE Global секторының көшбасшысы 9% қосқан American Airlines Group Inc. акциялары болды. M&T Bank акциялары да 2024 жылдың үшінші тоқсанының қаржылық есебі жарияланғаннан кейін 7 % қосып, көшбасшылар қатарына енді. Динамика бойынша үшінші орында ProShares Bitcoin Strategy ETF акциялары болды, олар 6 %-ға өсті. Аптаның аутсайдерлері арасында Uber Inc. және AMD Corp. акциялары ерекшеленді, олардың бағасы тиісінше 7 % және 6 %-ға төмендеді.

Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,77 %, ал TWINA индикаторы 13,99 % құрады.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




### Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,1%-ға, АҚШ доллары үшін 481,11 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 210 млн АҚШ долларынан 222 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 945 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20% құрады және күніне 45 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40 %-ға дейін ұлғайту мақсатында Ұлттық Банк қыркүйекте биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асыруды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 11 % құрады.

Қыркүйек айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 241,5 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қазанында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 240-тан 260 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,3-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылғы қазанда ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 850 ден 950 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 632,78 | -0,59 | -0,17 | 13,88 |
| USDKZT | 485,04 | -0,48 | 1,38 | 5,32 |
| EURKZT | 525,98 | -1,31 | -1,08 | 7,40 |
| CNYKZT | 68,29 | -0,97 | 0,97 | 2,53 |
| RUBKZT | 5,04 | -0,98 | -4,74 | -21,93 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 5 864,67 | 0,9 | 4,4 | 37,1 | 0,8 |
| Dow Jones | 43 275,91 | 1,0 | 4,3 | 29,5 | 0,9 |
| РТС | 899,12 | -0,5 | -4,9 | -14,9 | |
| ММВБ | 2 751,90 | -0,1 | 0,0 | -15,5 | |
| Hang Seng | 20 804,11 | -2,1 | 17,8 | 20,3 | -1,9 |
| SS CSI 300 | 3 925,23 | 1,0 | 23,8 | 11,1 | 2,5 |
| Euro Stoxx 50 | 4 986,27 | -0,4 | 3,1 | 21,9 | -0,5 |
| FTSEuroFirst | 5 634,00 | 0,3 | 3,1 | 19,0 | 0,4 |
| FTSE 100 | 8 358,25 | 1,3 | 1,3 | 11,5 | 1,2 |
| KASE | 5 169,03 | 0,4 | -0,8 | 27,0 | |

## Шикізат нарығы 18.10.2024

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 73,06 | -7,6 | -0,8 | -20,9 |
| Мұнай (WTI) | 69,22 | -8,4 | -2,4 | -22,5 |
| Табиғи газ | 2,26 | -14,2 | -1,1 | -23,6 |
| Мыс | 438,45 | -2,4 | 3,5 | 21,8 |
| Темір | 770,00 | 0,1 | 11,0 | -16,3 |
| Алтын | 2 721,46 | 2,4 | 6,4 | 38,7 |
| Күміс | 33,23 | 4,7 | 9,5 | 44,3 |
| Астық | 572,75 | -4,4 | -0,5 | -3,6 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 23.10 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім | CAD | 3,75 % | 4,25 % |
| 23.10 | Шикі мұнай қорлары | USD | | -2,191M |
| 24.10 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдер саны | USD | 243K | 241K |
| 17.10 | Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қазан) | USD | 47,5 | 47,3 |
| 24.10 | Қызметтер секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қазан) | USD | 55,0 | 55,2 |
| 24.10 | Жаңа тұрғын үйді сату (қыркүйек) | USD | 717K | 716K |
| 25.10 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қазан) | RUB | 20,00 % | 19,00 % |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 8,3% | 01.10.24 | 8,4% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 44,6 | 01.10.24 | 42,7 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 13 741,7 | 01.10.24 | 13 324,4 |
| Ақша масса, млрд KZT | 40 719,7 | 01.10.24 | 40 251,8 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 тұрақты | 02.03.24 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 09.09.24 | Baa2/позитивті |
| FitchRatings | BBB/тұрақты | 17.05.24 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есеттегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023